

«Сейфуллин окулары – 18(2): « XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века – эпоха трансформации » - 2022.- Т.І, Ч.І. – Б.155-156

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛГЕН НОҚАТТЫҢ КЕЙБІР БУДАНДАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Ғабдола Ә.Ж., 1-курс докторанты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Ноқат маңыздылығы бойынша әлемде үшінші орынды иеленетін дәнді-бұршақ дақылына жатады. 2020 жылы ноқаттың әлемдегі егіс алаңы 14,84 млн га және өндірісі 15,08 млн тоннаны құрады. Ноқат Жерорта теңізі, Орталық Азия, Шығыс Африка, Еуропа, Австралия, сонымен қатар Солтүстік және Оңтүстік Американың 50-ден астам елдерінің құрғақ және жартылай құрғақ аудандарында өсіріледі. Әлемде өндірілетін ноқаттың негізгі бөлігі дамушы елдерде өндіріліп, жергілікті деңгейде ноқаттың 90% - дан астамы тұтынылады. Ноқаттың негізгі өндірушісі мен тұтынушысы үнді субконтиненті болып табылады, оның үлесіне әлемдік өндірістің шамамен 70% тиесілі [1].

Ноқат құрамындағы ақуыз мөлшері дәнді дақылдарға қарағанда көбірек, сонымен қатар ол тағамдық талшықтарға, пайдалы қанықпаған май қышқылдарына, дәрумендер, макро- және микроэлементтерге бай. Ноқат негізінен құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарда өсіріледі, бұл аймақтардағы ноқат өндірісін шектеуші абиотикалық фактор жоғары температура мен вегетативті кезеңде жиі кездесетін құрғақшылық болып табылады. Әлемдегі ноқат өнімділігі шығынының 50%-ы құрғақшылықтың және 20%-ы жоғары температураның әсеріне тиесілі.

Қазіргі таңда глютенсіз тағамдарды пайдаланатын адамдар саны ұлғайып келеді, ал глютенсіз тағамдардың құрамындағы қоректік заттардың, яғни ақуыз, тағамдық талшықтар, дәрумендер мен минералдар тапшылығы үлкен мәселеге айналып отыр. Мұны рафинатталған ұн мен крахмалды глютенсіз нан және макарон өнімдерінде қолданумен түсіндіруге болады. Нан басты тағам болғандықтан, оны ноқат ұнымен байыту оның тағамдық құндылығын жоғарылатудың бір әдісі бола алады [2].

Ноқат егістері көлемінің жыл сайын ұлғаюы оның дәнді-бұршақ дақылдарының ішіндегі құрғақшылыққа және жоғары температураға төзімділігі ең жоғары болуына байланысты. Ноқат өсіру рентабельді, ол топырақтың құнарлылығына және одан кейін өсірілетін дақылдардың өнімділігіне де оң әсерін тигізеді [3,4].

Климаттың өзгеруіне байланысты құрғақшылыққа төзімділігі жоғары дақылдарды өсірудің маңыздылығы артуда, оларға ноқат та жатқызылады. Сондықтан ноқаттың құрғақшылыққа төзімді және топырақ – климат жағдайларына бейім будандары мен сұрыптарын алу маңызды.

Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Дамса селолық округі, Научный кенті А.И.Бараев атындағы ғылыми-өндірістік астық шаруашылығы орталығы жағдайында жүргізілді. Себу жұмыстары Ақмола облысы үшін оңтайлы уақытта жүргізілген болатын.

Зерттеу объектісі ретінде ноқаттың гибридті питомнигі таңдалып алынды. Кейбір ноқат будандарының бірнеше биологиялық көрсеткіштері келесі кестеде көрсетілген (кесте 1).

1 – кестенің мәліметтеріне сәйкес Г.к.23/2 биіктігі басқаларымен салыстырғанда ең жоғары болса, Г.к.23/2-1 биіктігі ең төмен болды. Г.к.23/2 алғашқы бұршаққаптың беку биіктігі 28,8 см құрады. Бұршаққаптың алғашқы беку биіктігі маңызды көрсеткішке жатады, себебі ол ноқатты механикалық жинауға оң әсерін тигізеді. Г.к. 30/2 мен Г.к.23/2-1 алғашқы бұршаққаптың беку биіктігі 17,2 және 17,0 см тең. Бұршаққаптар және бұршақ саны бойынша Г.к. 30/2 басқаларымен салыстырғанда алдыңғы орында. Г.к.41 және Г.к.23/2-1 бұршақ саны 19-ға тең. Бұршақ саны ең аз – будан Г.к.41-2. Тұқым массасы бойынша Г.к.41 ең жоғары көрсеткішке ие, яғни 5,8 грамм, бұл басқаларымен салыстырғанда жоғары, дегенмен Г.к. 41 тұқым массасы 0,4 грамм ғана кем.

Кесте 1 – Ноқаттың кейбір будандарының биологиялық көрсеткіштері

№ р/с	Будан	Өсімдік биіктігі, см	Бірінші бұршаққаптың беку биіктігі, см	Бұршаққаптар саны, дана	Бұршақ саны, дана	Тұқым массасы, г
1	Г.к.30/2	28,6	17,2	26,4	31	5,8
2	Г.к.41	34	23,2	18,4	19,2	5,4
3	Г.к.23/2	42,6	28,8	21,6	18,8	3,24
4	Г.к.23/2-1	27	17,0	16,2	19	1,2
5	Г.к.41-2	28,6	19,8	12	12,2	2,14

Қорытынды. Алғашқы үш көрсеткіш бойынша Г.к. 23/2 алда тұрғанымен, болашақта буданды питомниктегі басқа да будандарға толық талдау жұмыстары жүргізіліп, ең жақсылары іріктеліп алынатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Arriagada, O. Comprehensive Review on Chickpea (*Cicer arietinum* L.) Breeding for Abiotic Stress Tolerance and Climate Change Resilience [Текст] /

Cacciuttolo, F.; Cabeza, R.A.; Carrasco, B.; Schwember, A.R. A // Int. J. Mol. Sci. 2022, 23, 6794. <https://doi.org/10.3390/ijms23126794>

2 Kahraman, G. Impact of Raw, Roasted and Dehulled Chickpea Flours on Technological and Nutritional Characteristics of Gluten-Free Bread [Текст] / Harsa, S.; Casiraghi, M.C.; Lucisano, M.; Cappa, C.// Foods 2022, 11, 199. <https://doi.org/10.3390/foods11020199>

3 Булынец С.В., Корреляционные связи селекционных признаков, определяющих продуктивность образцов нута (*Cicer arietinum* L.) из коллекции ВИР в условиях Тамбовской области [Текст] / Новикова Л.Ю., Гриднев Г.А., Сергеев Е.А. // Сельскохозяйственная биология, -2015. -Т 50. - №1. -С .63-74.

4 Matevosyan L., Barbaryan A., Alichanyan N., Nersisyan H., & Gevorgyan A. (2022). BIOLOGICAL AND YIELD INDICATORS OF NEW SPRING CHICKEN VARIETIES IN THE CONDITIONS OF ARMENIA [Текст] / Sciences of Europe, 95, 3–5. <https://doi.org/10.5281/zenodo.6724296>